



QORDAI

ҚОРДАЙ

КОРДАЙСКИЙ
МАЯК

ШАМШЫРАҒЫ

1932 жылдың қазан айынан бастап шығады

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

СӘРСЕНБІ 5 ТАМЫЗ 2026 ЖЫЛ №61 (3538)

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ АШЫЛУЫНА ҚАТЫСТЫ

ПРЕЗИДЕНТ



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ АСТАНАДА ӨТІП ЖАТҚАН ЖАСАНДЫ
ИНТЕЛЛЕКТ БОЙЫНША III ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ
АШЫЛУ САЛТАНАТЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ.

Президент сөзінде еліміз цифрлық даму тұрғысынан стратегиялық таңдау жасағанына тоқталды.

– Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының электронды үкіметті дамыту индексында 193 мемлекеттің арасынан 24-орын алады. Жаңа технологияларды енгізуге әзірлік деңгейі бойынша еліміз Орталық Азияда көш бастап тұр. Біз бірыңғай инновациялық экожүйе құрып жатырмыз. Мұнда жасанды интеллект мемлекетті, экономиканы, бизнесті басқарудың маңызды тетігі ретінде қоғам өмірінің барлық саласына дендеп енеді. Былтырғы Жолдауымда алдағы үш жыл ішінде Қазақстанды толық цифрлық мемлекетке айналдыру бойынша нақты міндет жүктедім. 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялау да – осы стратегиялық бағдарды жүзеге асыруға бағытталған қадам. Бұдан бөлек, инновацияға иек артатын ел дамуының негізгі бағыттары 1 шілдеде күшіне енген Қазақстанның жаңа Конституциясында анық көрсетілген. Бұл – барлық үдерістің басы ғана, – деді Мемлекет басшысы.

AKORDA.KZ

ОБЛЫС ӘКІМІ ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНА ІС-САПАРМЕН БАРДЫ

АЙМАҚ БАСШЫЛАРЫ



Мемлекет басшысының өңірлерді кешенді дамыту, халықтың өмір сүру сапасын арттыру және әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту жөніндегі тапсырмаларын іске асыру аясында Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев Тұрар Рысқұлов ауданына жұмыс сапарымен барды.

Іссапар кезінде аймақ басшысы білім беру, туризм, спорт, экология, тұрғындардың қауіпсіздігі, көлік инфрақұрылымы және ауыл шаруашылығы салаларындағы бірқатар маңызды нысанды аралап, құрылыс қарқыны мен атқарылып жатқан жұмыстардың сапасын зерделеді.

Алдымен Малдыбай ауылындағы 120 орындық жаңа орта мектепке барды. Аймақ басшысы жауапты тұлғаларға нысанды жаңа оқу жылына дейін пайдалануға беруді, қажетті құжаттарды рәсімдеп, лицензия алу жұмыстарын жеделдетуді және аумақты абаттандыруды тапсырды.

Бұдан кейін халықаралық Батыс Қытай – Батыс Еуропа автоделізі бойында салынып жатқан сервистік қызмет көрсету кешенінің құрылысымен танысты.

Құны 1 млрд теңгеден асатын инвестициялық жобаны «Бауырсақ» ЖШС жүзеге асыруда. Кешен құрамында жолаушылар мен жүк көліктеріне арналған қызмет көрсету орталығы, кафе, мейрамхана, қонақ үй, автошеберхана, автотұрақ және санитарлық-гигиеналық аймақ болады.

Жоба жетекшісі Ғалымжан Шалатаевтың айтуынша, құрылыс кезінде 45 адам жұмыспен қамтылса, нысан іске қосылғаннан кейін 30 тұрақты жұмыс орны ашылады. Қазіргі таңда жұмыстардың 80 пайызы аяқталған. Кешенді жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланып отыр.

ТАЗАЛЫҚ БАР ЖЕРДЕ –

«ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ШАРА»

Тазалық – мән-мағынасы өте терең, киелі ұғым. Қазақ халқы ежелден тазалықты тек сыртқы ұқыптылық деп ғана емес, адамның ішкі дүниесінің айнасы деп түсінген. «Тазалық – иманның жартысы» деген нақыл сөздің өзі бұл ұғымның рухани маңызын айқындайды.

Қордай ауданы «Таза Қазақстан» акциясын ауқымды әрі нәтижелі түрде өткізді. Бір ғана күннің ішінде 1500-ге жуық тұрғын бірігіп, өз ауласын, көшесін, қоғамдық орындарды ретке келтіруге күш жұмсады. Бұл – туған жерге деген терең ықылас пен құрметтің айқын көрінісі.

Акция барысында 30-ға жуық арнайы техника жұмылдырылып, аудан тазалығына аса қажет инфрақұрылымдық қолдау көрсетілді. Бұл техникалардың көмегімен Қордайдағы көшелер мен қоғамдық орындардан 250 тоннаға жуық қоқыс шығарылды. Шараның мақсаты – қоршаған ортаның көркін қалпына келтіру, санитарлық жағдайды жақсарту және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру.

Арнайы арық жүйелерінің тазалануына да ерекше назар аударылды. Жалпы, 7 шақырымнан астам арық жүйесі қоқыстан тазартылып, су ағымының еркін өтуі қамтамасыз етілді. Бұл экология мен төтенше жағдайлардың алдын-алу тұрғысынан маңызды шара. Себебі арықтар лас болып, бөгіліп қалса, ол топан су қаупін тудыруы мүмкін, ал оның тазалануы – болашақ апаттардың алдын алу жолындағы маңызды қадам.

Мұндай кең көлемді жұмысқа қатысу арқылы тұрғындар өз жеріне деген жауапкершілігін көрсетіп, мемлекеттік деңгейде бастау алған «Таза

ТӘРТІП БАР



Қазақстан» акциясының аясында үлкен өзгертулерге себепкер болды. Бұл іс-шара – таза табиғатқа ұмтылыстың ғана емес, сонымен бірге тұтастай қоғамның таза, көркем болуға деген ынтасының айғағы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынған идеясы ұлттың бірлігін, қоғамдық сананың даму деңгейін арттырып, азаматтардың ортақ мақсатқа жұмылуына үлкен серпін берді.

Бұл мемлекеттік бастаманың тек қағазда қалмай, шынайы өмірде күнделікті іске айналатынын дәлелдейтін нақты жетістік. Таза орта – тек мемлекетке ғана емес, әрбір азаматқа да ортақ міндет болып қала бермек.

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз
23 августа

ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ
Жаңару үшін дауыс бер!

Құрметті _____!
_____ мекенжайы бойынша тұратын _____!

№ _____ учаскелік сайлау комиссиясы
Сізді 2026 жылғы 23 тамызда
таңғы сағат 07:00-ден кешкі 20:00-ге дейін
Қазақстан Республикасы
Құрылтайының депутаттарын сайлауға

(сайлау комиссиясының орналасқан жері)
мекенжайы бойынша дауыс беруге қатысуға шақырады

Өзіңізбен бірге жеке басыңызды куәландыратын
құжаттың болуы қажеттігін есіңізге саламыз.

Комиссия телефоны _____

Ескертпе: Азаматтар сайлаушылар тізіміне тұрғылықты жері бойынша
тіркелуі негізінде енгізіледі.
Өзіңіз туралы деректерді сайлаушылар тізімдерінен 2026 жылғы 7 тамыздан
бастап учаскелік сайлау комиссиясында тексере аласыз.

Білуіңіз қажет!

1. Егер Сіз дауыс беру күні өз елді мекеніңізден тыс жерге баруды
жоспарласңыз, онда Сізге тіркелген жеріңіз бойынша сайлау учаскесіне
а.ж. 7 тамыздан бастап есептен шығару куәлігін алуға мүмкіндігіңіз бар. Есептен
шығару куәліктерін беру 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат
18.00-де тоқтатылады. Есептен шығару куәлігімен Қазақстан Республикасының
кез келген басқа елді мекенінде дауыс беруге болады.

2. Егер денсаулық жағдайыңызға немесе отбасының сыртқа мүшесіне күтім
жасауға байланысты Сіз дауыс беру үшін өзіңіз тізімге енгізілген учаскеге келе
алмасаңыз, онда 23 тамызда сағат 12.00-ден кешкі 18.00-ге дейін
қажет. Учаскелік сайлау комиссиясы Сіздің болатын жеріңіз бойынша дауыс
беруді ұйымдастырады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Шоқпар-Гагаринское» ЖШС Жамбыл об-
лысында орналасқан, жылына 1 млн тонна өнім
өндіру қуаттылығымен «Гагаринское» байыту
кешенін салу жобасы бойынша қоршаған ортаға
әсер етуге экологиялық рұқсат алу мақсатында
өзірленген экологиялық құжаттама материалда-
ры бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық
тыңдау өткізеді.

Учаскенің географиялық координат-
тары: 1. 43°24'49,76»С, 74°37'47,76»В; 2.
43°24'49,54»С, 74°40'26,21»В; 3. 43°23'59,04»С,
74°40'46,47»В; 4. 43°23'12,45»С, 74°40'46,72»В;
5. 43°23'01,15»С, 74°39'14,55»В; 6. 43°23'01,11»С,
74°39'01,08»В; 7. 43°23'29,90»С, 74°39'00,91»В;
8. 43°23'30,03»С, 74°37'59,98»В; 9. 43°24'00,26»С,
74°37'59,80»В; 10. 43°24'00,23»С, 74°37'48,06»В;
11. 43°24'12,74»С, 74°37'47,99»В.

Әсер ету аумағы: Жамбыл облысы, Қордай ауданы,
Бетқайнар ауылдық округі, Соғанды ауылы.
Өтетін орны: Жамбыл облысы, Қордай ауданы,
Бетқайнар ауылдық округі, Соғанды ауылы,
Х.Мамбетәлі көшесі № 45, М.Мақатаев
атындағы орта мектебінің АКТ залы.

Қоғамдық тыңдауларға қатысқысы
келетіндер үшін автобус ұйымдастырылады.
Автобус сағат 09:15-те Бетқайнар ауылы,
Өтеген батыр көшесі, 12-үй, ауылдық әкімдік
ғимаратынан жүреді.

Күні мен уақыты: 22.09.2026 ж., сағат 10.00-де.
Жоспарланған іс-шараның бастамашы: ЖШС
«Шоқпар-Гагаринское», БСН 140340024560, ҚР,

Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Бетқайнар ау-
ылы, есептік тоқсан 035, құрылыс 23, уялы теле-
фоны: +7 771 775 4677, E-mail: info@slgroup.kz

Жобаны құрастырушы: «Пасечная И.Ю.»
ЖК, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы,
Тараз қаласы, «Қаратау» (2) мөлтек ауданы, 12
үй, 31 п., 87017392827, эл.пошта: inna_1310@
inbox.ru .

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын мате-
риалдармен НБД СОС и ПР сайтында (<https://ndbecology.gov.kz>) және Жамбыл облысының
ЖАО сайтында (<https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/documents/1?lang=ru>)
танысуға болады.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен
ұсыныстары <https://ndbecology.gov.kz> сайтында
және мына мекенжай бойынша қабылданады:
Тараз қ., Абай даңғылы, 133а, Жамбыл
облысының табиғи ресурстар және табиғат
пайдалануды реттеу басқармасы. Эл.пошта:
s.agabek@zhambyl.gov.kz.

Онлайн форматта қатысқысы келетіндер он-
лайн қосылу сілтемесі бойынша кіре алады.

Qosyl конференциясына қосылыңыз <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=935451176537>

Конференция идентификаторы: 935-451-176-537.

Қосымша ақпарат алу және құжаттардың
көшірмелерін сұрау үшін «Пасечная И.Ю.» ЖК
өкіліне хабарласуға болады: тел.8701 739 2827,
E-mail: inna_1310@inbox.ru хабарласыңыз.

ҚАУІПСІЗДІК
САҚ БОЛАЙЫҚ!

АВТОМОБИЛЬДЕРДІҢ ӨРТЕНУІ — КЕЗ КЕЛГЕН ӨРТ СЕКІЛДІ, ТҮРЛІ СЕБЕПТЕРДЕН
БОЛУЫ МҮМКІН: КЕЙДЕ КЕЗДЕЙСОҚ ЖАРАМСЫЗДЫҚТАРДАН (МЫСАЛЫ, ЖАНАРМАЙ
ЖҮЙЕСІНІҢ НЕМЕСЕ БОРТТЫҚ ЭЛЕКТР ЖҮЙЕСІНІҢ АҚАУЛАРЫ), АЛ КЕЙДЕ КӨЛІКТІ
ҚАСАҚАНА ЖОЮ МАҚСАТЫНДАҒЫ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДЕН ТУЫНДАЙДЫ.

Автомобильдердегі өрт жағдайлары
өртүрлі кезеңдерде болуы ықтимал: жол-көлік
оқиғасы кезінде, көліктің қозғалысы кезінде,
қысқа уақыттық тоқтау кезінде немесе ұзақ
уақыт ашық тұрақта немесе гаражда тұрғанда.
Бұл өртүрлі жағдайлар өрттің шығу себептері
мен динамикасына, сондай-ақ зардаптарына
әсер етеді. Атап айтқанда, қыс айларында
жолға себілген тұз бен ылғалдың әсерінен
көліктің ең әлсіз жері — электр сымдары. Олар
кез келген уақытта қысқа тұйықталуы мүмкін,
өйткені сымдардың бір бөлігі үнемі кернеуде
болады. Электр желісінің авариялық жұмыс
істеуіне жағдайлар әрқашан бар. Өрт көбінесе
жасырын, ұзақ өршуі мүмкін: электр сымдары
баяу жанып, кейін жанармай құбыры мен басқа
да шаңғу көздеріне жетеді. Көбіне жай ғана
май деңгейін тексеру кезінде қолданылған
майлық сымдардың арасында қалуы оның
ұшып кетуіне себеп болуы ықтимал.

Көлік саны артқан сайын, автокөлік
өрттерінің саны да өсуде. Олар жол қозғалысы
кезінде де, тұрақта тұрған кезде де пайда бо-
лады. Ең көбісі жеке меншік автокөліктерде
тіркеледі. Суық мезгілде көлікті электр жүйесіне
қосымша жүктемелерді қосу өрт қаупін артты-
рады. Бұл жүйеге сәйкес келмейтін жүктеме
кернеуді күшейтіп, сымдардың қызуына
өкеледі. Кейбір жүргізушілер субвуфер сияқты
қуатты қосымша электроқұрылғыларды
көліктің жарықтандыру жүйесіне қосады, бұл
сымдардың белгілі бір бөлігінің қызуына және
қысқа тұйықталуға себеп болып, көліктің
өрттену қаупін тудырады.

Автомобиль өрттерін болдырмау және өрт

қауіпсіздігін арттыру мақсатында техникалық
тексеріс кезінде келесі мәселелерге ерекше
назар аударған жөн:

- Жанармай жүйесінің тығыздығын қадағалау;
 - Электр сымдарының кузов пен аспаптар панеліне сенімді бекітілгенін тексеру;
 - Қосымша электр жабдықтарын дұрыс орнату (қозғағыш қондырғылар, тұман шамдары, қосымша сигналдар);
 - Жұмыс істейтін өрт сөндіргіштің болуы;
 - Қосымша электроқұрылғыларды орнатқанда қажетті қимадағы жеке сымдарды пайдалану және сақтандырыштарды ұмытпау;
 - Капот астын үнемі тексеріп, май тамшылары мен сымдардың бүтіндігін қадағалау.
- Автотұрақтар мен гараждарда келесілерге жол берілмеуі тиіс:
- Жанармай бактары, құбырлары, карбюраторлары ағып тұрған, сондай-ақ электр жүйелері ажыратылмаған көліктерді тұрақта ұстау;
 - Электр сымдарын дәнекерлемей немесе қысымдаусыз біріктіру;
 - Көліктерді қажетті нормадан артық мөлшерде бояу, жанармай құю, орнату;
 - Жағымсыз әрі тез тұтылғыш сұйықтықтармен бөлшектерді жуау;
 - Ашық отты қолданатын жөндеу жұмыстарын жүргізу.

М.ӨТЕЛБАЙ, Қордай ауданы төтенше
жағдайлар бөлімінің аға инженері,
азаматтық қорғау лейтенанты

**ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ –
ӨМІР ҚАУІПСІЗДІГІ!**

ДАЛА ӨРТІ
Далада отпен абай болыңыз!
Құрғақ шөп пен өсімдік қалдықтарын
жағу үлкен өртке әкелуі мүмкін.

**ОТТЫ ТЕК АРНАЙ
ОРИНДАРДА ҒАНА ЖАҒЫҢЫЗ!**

ҚОҚЫС ЖАҒУҒА БОЛМАЙДЫ!
Қоқыс жағу – өрттің негізгі себебі!
Ұытты түтін денсаулыққа зиян,
ал өрт үлкен қауіп төндіреді.

**ҚОҚЫСТЫ ТЕК АРНАЙ
КОНТЕЙНЕРЛЕРГЕ ТАСТАҢЫЗ!**

АВТОКӨЛІКТЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

- Көліктің техникалық жағдайын үнемі тексеріңіз.
- Электр сымдарының ақауын дер кезінде жөндеңіз.
- Өрт сөндіргіш құралды көлікте міндетті түрде ұстаңыз.

ТЖБ ЕСКЕРТЕДІ!
Өрттің алдын алу – өз өміріңіз бен
жақындарыңыздың қауіпсіздігі!

**БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ –
БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ!**

**БАЛАНЫ
ҚАРАУСЫЗ
ҚАЛДЫРМАҢЫЗ!**

- Баланыңды бір сәтке де қараусыз қалдырмаңыз!
Бұл – қайғылы жағдайдың алдын алу жолы.

**Бала қауіпсіздігі –
ата-ананың басты міндеті!**

**КӨП ҚАБАТТЫ
ТҮРҒЫН-ҮЙДЕ
ТЕРЕЗЕДЕН ҚҰЛАУ**

- Терезелерге москит торына сенбеңіз – ол қорғаныш емес!
- Терезелерді ашық қалдырмаңыз.
- Балалар терезеге жақындамауы үшін құлыптағыш орнатыңыз.

**Бір сәттік немқұрайлық –
өмір бойғы өкініш!**

ТЖБ ЕСКЕРТЕДІ!
Балаларымыздың өмірі мен қауіпсіздігі
біздің қолымызда!

САТЫЛАДЫ

Жылызжымайтын мүлік

Қордай ауылынан үлкен, жайлы,
кірпіштен үй. Ипотекалық неси-
еге жарайды. 11 сотық учаске,
үй - 120 ш.м., жайлы өмір сүруге
барлық жағдай жасалған, ұңғыма,
жабық аула, гараж, жертелесімен
қойма, жаздық ас үй, шөп жинай-
тын орын, жеміс-жидек ағаштары
бар. М.Ломоносов ОМ, Абай ОМ,
балабақша, «Береке» колледжіне
жақын. 26 млн.тг., соңғы баға.
Тел.: +77711592538 Ханипа.

Үй, Ноғайбай ауылы. Үйге газ,
су тартылған, ішінде душ пен
дәретхана (санитарлық то-
рап) бар. Кейбір жиһаздар мен
тұрмыстық заттар қалады. Ме-
кенжайы: Нығмет Сауранбай
к., 26/2. Тел.: +77027121513,
+77025835621.

Үй, Қордай а., Төле би көшесі,
38. Участок 21 сотық, 500 шар-
шы метрлік шаруашылық
құрылыстар. Тел.: +77781004343.

ӘР ТҮРЛІ

Ақ және қызыл жас тауықтар,
бройлер балапандары, үйдікі,
арнайы жемдердің әр түрі, су
құйғыштар, жем салғыштар.
Қордай а., Бейдібек баба к., 221.
Тел.: +77029747932 Ольга.

Жұмыртқалайтын тауықтар, үйде
өсірілген 2 және 3 айлық балапан-
дар. Орналасқан жері: Қордай
а., Пушкин көшесі, 46. Телефон:
87781554713, 2-24-19, Татьяна.

САТЫП АЛАДЫ

Жақсы күйдегі жұмыс
істемей тұрған тоңазытқыш
және мұздатқыш ларь. Тел:
87476814551.

ЖАЛҒА БЕРЕДІ

Жұмыс істеп тұрған бизнес не-
месе бизнеске ғимарат. Тел:
87017138101.

Қоймалар жалға беріледі, ауданы
500 шаршы метр және
көлемдірек, ыңғайлы орналасқан,
көлікке арналған алаңы бар.
Тел: 87012225801, 87029233618.

Кафе жалға беріледі, басқа биз-
нес түріне де жарамды. Тел:
87012225801, 87029233618.

Мұхтар Әуезов атындағы №24 орта мектеп ұжымы қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Турысова Сапура Аязқұлқызына,
техникалық қызметкер Турысова Жамила Аязқұлқызына **КҮЙЕУ
БАЛАСЫНЫҢ**, күзетші Джарылқасынов Хален Бейсенұлына
бажасы **СЫДЫҚОВ АБДРЕШ ДУАШЕВИЧТІҢ** қайтыс болуына
байланысты қайғырып көңіл айтады.

Мұхтар Әуезов атындағы №24 орта мектеп ұжымы қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сыдықова Айгүл Абдрешқызына
әкесі **СЫДЫҚОВ АБДРЕШ ДУАШЕВИЧТІҢ** қайтыс болуына
байланысты қайғырып көңіл айтады.

Құбырлар сатылады
d -1м, 1,5м, 2м. Қақпақтар,
түттер, экскаватор
мен манипулятордың
қызметтері, «КамАЗ»-длин-
номер а/к, «МАН» а/к мани-
пулятор жүргізушілер,
слесарь қажет.
Жібекжолы к., 399 (ауыл-
шаруашылық техника
базасы). Тел.: 87789153526.

**ҚЫЗЫЛ
КІРПІШ**
33 теңгеден
жеткізіліп
береді
Тел.: 87013172872

Пәтер. Красный партизан, мектеп
жанында. Тел: 87017707156.

ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАДЫ

«Тұран» кафесіне тұрақты
жұмысқа официанттар қажет
(ресми еңбек қатынасымен). Тел:
+77081276787.

ҚЫЗМЕТТЕР

Тігін құралдарын, СК теледидар-
лар, инверторлық дәнекерлеу,
қысқа толқынды пеш, ду-
ховка және басқа да жөндеу
жұмыстарын жасайды. Қордай а.,
Бейдібек баба к., 102. Тел.: 4-75-
74, 87783345614 Федор.

Барлық түрдегі құрылыс
жұмыстары: левкас, стяж-
ка, «дождик», отмостка, бетон
жұмыстары (газобетон, пенобе-
тон), траншея қазу, демонтаж.
Тел.: +77780755285 (WhatsApp).

Қарағаш құлатады, ағаш
кеседі. Тел.: +77756424651,
+77087547112.

ӘР ТҮРЛІ

1997 жылдың 17 сәуірінде
қайтыс болған Хия Гуйху-
ар Гасировнаның арты-
нан мұрагерлік іс қозғалды.
Мұрагерлері нотариус М.Лировқа
Қордай а., Жібек жолы к., 236/1
мекенжайына жолығуы қажет.